



Автор: Айдынбекова Гавхар Бакытбековна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Бізді қоршаған әлем

Тақырып: Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі

Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі	1.2.1.2 Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу. 1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау 1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау 1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу.
-------------------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ғ дыбысы мен әрпі (40)	<p>Психологиялық ахуал Қуанамын, күлемін. Жылы менің жүрегім. Достарыма үнемі, Риза болып жүремін. Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, жүрек жылуын сезініп, үйренген қандай тамаша!</p> <p>Оқудың түрлерін буындап оқиды, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқиды, түсініп оқиды. Оқулықтағы оқи белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырамын. Оқу түрлерін қолдана отырып, сөздерді оқытамын. Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды. Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалауды ұйымдастырамын. Мәтін хормен, тізбектеп, жеке оқытылып болғаннан кейін мазмұны бойынша сұрақтар қоямын. Талғат аға қайда ұшты? Ол кім? т.с.с. Дескриптор: Сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Баяндайды. ҚБ.Жұлдызша Кел, балалар, тұрайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. Бас аяқпен топ-топ, Шапалақпен хоп-хоп, Бір оңға, бір солға, Өзімді-өзім айнала. 3. Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжайды. Артығын тап тапсырмасы бойынша жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылар артық заттың сағат екенін болжай алу керек. Дәлелдеу жұмыстарын жүргіземін. Мысалы: Артық зат-сағат. Себебі, барлық заттардың атауында ғ дыбысы бар. Сонымен қатар құстар мен сағат берілген. Құстар көп. Сағат артық. Дескриптор: Артық затты табады. ҚБ.Жарайсың Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана біледі. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алуға және орынды қолдануға үйрету жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқиғаны болжай отырып, диалогті қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырыңыз. Оқулықта берілген диалог жауаптарына олардың сұрақтарын топтық жұмыс арқылы тапқызыңыз. Сұрақтарды тапқаннан кейін сұхбаттасуды жүзеге асырыңыз: -Мынау қай құс? - Қарлығаш. -Ол қандай құс? -Ол-адамға дос құс. -Қарлығаш адамды неден сақтайды? -Қарлығаш адамды қатерден сақтайды, т.с.с. Дескриптор: Құс туралы сұрақ-жауап Жарайсың. Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ салынған суреттер арқылы бағалау.</p>	